

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 191 "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы " қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 274 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 30 желтоқсанда № 3735 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабының 3-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 191 "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы " қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3261 болып тіркелген, 2015 жылды 23 шілдеде "Атырау" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

қосымшада:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде:

1) 1-тармақтың үшінші абзацы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);";

2) 4-тармақтағы "туралы" деген сөзден кейін "(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11015 болып тіркелген)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) барлық мәтін бойынша және 1, 2, 3-қосымшалардағы "ХҚКО", "ХҚКО-ға" деген сөздер сәйкесінше "Мемлекеттік корпорация", "Мемлекеттік корпорацияға", "Мемлекеттік корпорацияның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 4-бөлімнің атауы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Ә.И. Нәутиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

H. Hoғaev

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК